КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

14 шілде 2023 жыл №1112-23-00-2/1456 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Шайдуллина» Шайдуллина Айнаш Жауымбаевна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Шайдуллина» Шайдуллина Айнаш Жауымбаевна жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбының өндіру туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«Шайдуллина» Шайдуллина Айнаш Жауымбаевна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 14.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2023, судья Жакупов А. А., 25.08.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Шайдуллина» Шайдуллина Айнаш Жауымбаевна жеке кәсіпкерден Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 28 224 (жиырма сегіз мың екі жүз жиырма төрт) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 846 (сегіз жүз қырық алты) теңге 72 (жетпіс екі) тиын көлемінде сот шығындары өндірілсін.

«Шайдуллина» Шайдуллина Айнаш Жауымбаевна жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 14.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 25.08.2023, судья Жакупов А. А., 25.08.2023